

# Паспорт образовательной программы

## Дата регистрации в Реестре

2022.08.11 09:29

## Регистрационный номер

20569

## Дата обновления паспорта ОП:

2022.08.11 09:32

## Код и наименование специальности:

10410200 Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару

## Код и наименование квалификации/квалификаций:

4S10410205 Тасымалдауды ұйымдастырушы технигі

## Регион:

Атырау облысы

## Организация ТИППО (Разработчик):

" Оңайбай Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі" КМҚК

## Партнеры-разработчики:

" КТЖ-Жүк тасымалы " ЖШС, "ЖТ Атырау бөлімшесі филиалының Теңдік стансасы, "Казтеміртранс" АҚ

## Цель ОП:

Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында темір жолдың жүк және коммерциялық жұмысын, тасымалдау үрдісін ұйымдастыру мен басқаруды қамтамасыз ететін кәсіби әрекеттердің әдістері мен тәсілдері, құралдар жиынтығынан тұратын көлік саласына білікті мамандарды даярлау.

## Уровень по НРК:

4

## Уровень по ОРК:

4

## Профессиональный стандарт (при наличии):

" Темір жол көлігіндегі жүк және коммерциялық жұмыс", "Атамекен" ҚР ҰКП 06.09.2018 ж. № 239 бұйрығының 8-қосымшасы, "Темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару", "Атамекен" ҚР ҰКП 06.09.2018 ж. №239 бұйрығының 6-қосымшасы, "Поездар қозғалысын диспетчерлік реттеу", "Атамекен" ҚР ҰКП 06.09.2018 ж. №239 бұйрығының 7-қосымшасы.

## Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

" Жүктерді тасымалдау"

## Форма обучения:

Күндізгі

## База образования:

Негізгі орта білім

**Язык обучения:**

Мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

240

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

10.03.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№ KZ93LAA00022486

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№ 014

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

08.12.2018 ж.

**Отличительные особенности ОП:**

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

		<b>Результаты</b>	
<b>Наименование</b>	<b>обучения/Краткое описание</b>	<b>Объем</b>	
<b>№ модуля/дисциплины</b>	<b>дисциплины</b>	<b>кредитов/часов</b>	
ЖБП 1. Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері»,	3/72	

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	«Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм».	
ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам».	2/48
ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны»,	5/120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>«Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».</p>	
ЖБП 4. Шетел тілі	<p>Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».</p>	5/120
ЖБП 5. Қазақстан тарихы	Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси,	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.</p> <p>Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «. Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «. Білім мен ғылымның дамуы».</p>	
ЖБП 6. Математика	<p>Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі</p>	7/168

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	
ЖБП 7. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді.	4/96
ЖБП 8. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».	
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».	7/168
ЖБП 10. Өзін-өзі тану	Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».	2/48
ЖБП 11. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің	5/120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».</p>	
ЖБП 12. Химия	<p>Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір».</p>	5/120
ЖБП 13. Биология	<p>Ұйымның әртүрлі деңгейлеріндегі өмірдің мәнін, дамуын және көріністерін түсінуге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:</p>	2/48



Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>«Молекулярлық биология және биохимия», «Жасушалық биология», «Қоректену», «Заттардың тасымалдануы», «Тынысалу», «Бөліп шығару», «Жасушалық цикл Көбею», «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары», «Эволюциялық даму Селекция негіздері. Тірі ағзалардың алуантүрлілігі», «Координация және реттеу», «Қозғалыс», «Биомедицина және биоинформатика», «Биотехнология», «Биосфера, экожүйе, популяция», «Экология және адам іс- әрекетінің қоршаған ортаға әсері».</p>	
ЖБП 14. География	<p>Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».</p>	2/48
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	4/96
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	4/96
БМ 2. Ақпараттық – коммуникациялық және цифрлық	ОН 2.1. Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
технологияларды қолдану		
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	1/24
	ОН 2.3. Мамандық бейіні бойынша қолданбалы бағдарламалар пакеттерін қолдану.	1/24
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	0,5/12
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	0,5/12
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің "жасыл" экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	0,5/12
	ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	0,5/12
БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтану және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.	1/24
	ОН 4.2. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	1/24
	ОН 4.3. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	1/24
	ОН 4.4. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	орнын түсіну.	
КМ 1. Стандарттау талаптары негізінде техникалық құжаттаманы ресімделуі	ОН 1.1. Жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі стандарттарының талаптарына сәйкес сызбалардың графикалық дизайнын орындау.	1/24
	ОН 1.2. Геометриялық және проекциялық сызу тәсілдерін меңгеру.	1/24
	ОН 1.3. Сызбаларды рәсімдеу ережелерін қолдану.	1/24
	ОН 1.4. AutoCAD, Corel, Компас графикалық бағдарламасы арқылы сызбаны орындау.	2/48
	ОН 1.5. Сертификаттау және метрология саласындағы негізгі терминдер мен анықтамаларды пайдалану.	1/24
КМ 2. Электротехника негізінде пойыздар қозғалысын аралық реттеу жүйесін қолданылуы	ОН 2.1. Электр тізбектерінде болатын процестердің физикалық мәнін сипаттау, электр аспаптары мен аппараттарының сипаттамаларын қолдану, электрлік өлшеулерді орындау.	2/48
	ОН 2.2. Электрлік және магниттік тізбектерді есептеу әдісін қолдану.	1/24
	ОН 2.3. Пойыздардың қозғалысын реттеу жүйесінің элементтерін сипаттау.	1/24
	ОН 2.4. Сигнал беру және байланыстың әртүрлі құралдары кезінде пойыздарды қабылдау және жөнелту тәртібін сақтау.	1/24
	ОН 2.5. Сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларын ұстау және жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде ажырату тәртібін сақтау.	1/24
	ОН 2.6. Станциялар мен аралықтарда сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларының қалыпты	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жұмысы бұзылған жағдайда әрекет ету тәртібін сақтау.	
КМ 3. Жылжымалы құрамның пайдалану	ОН 3.1. Вагондар, құрылым, вагон шаруашылығының техникалық құралдары туралы мәліметтерді сипаттау.	2/48
	ОН 3.2. Тартқыш жылжымалы құрамды және локомотив шаруашылығын сипаттау.	2/48
	ОН 3.3. Пойыздар тартылысының негіздері бойынша есептер шығару.	2/48
	ОН 3.4. Станциядағы жүк және жүк құрылғыларын сипаттау.	1/24
	ОН 3.5. Теміржол көлігіндегі тиеу-түсіру, көлік-қойма жұмыстарын ұйымдастыру.	1/24
КМ 4. Жол және станция құрылғысын қолданылуы	ОН 4.1. Темір жолдың құрылымдық элементтерін анықтау.	2/24
	ОН 4.2. Бағыттамалы бұрмалардың, станциялық жолдардың және станцияның басқа элементтерінің құрылымы мен мақсатын анықтау.	2/24
	ОН 4.3. Темір жол станциялары мен бөлек пункттердің әртүрлі типтерін сипаттау.	2/24
	ОН 4.4. Аралық станцияның дизайнын орындау.	3/72
	ОН 4.5. Бөлек тармақтардың типтік сызбаларын орындау.	2/48
КМ 5. Теміржол станциясының жұмысын ұйымдастырылуы	ОН 5.1. Теміржолды пайдалану негіздерін сипаттау.	1/24
	ОН 5.2. Аралық, учаскелік, сұрыптау, жүк, жолаушылар станцияларының жұмыс технологиясын сипаттау.	3/72
	ОН 5.3. Станциядағы түрлі санаттағы пойыздар қозғалысын	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ұйымдастыру.	
	ОН 5.4. Сұрыптау жұмысын механикаландыру және автоматтандыру құрылғыларын қолдану.	3/72
	ОН 5.5. Станциядағы маневрлік жұмыстың орындалуын жоспарлау және ұйымдастыру.	3/72
	ОН 5.6. Тәуліктік жоспар-кесте құра отырып, станция жұмысының технологиялық процесін әзірлеу.	4/96
	ОН 5.7. Қысқы кезеңде станцияның жұмысын ұйымдастыру.	1/24
КМ 6. Станцияда жүк және коммерциялық жұмыстарды орындауы	ОН 6.1. Темір жолдың жүк және коммерциялық жұмысын ұйымдастырудың негіздерін сипаттау.	1/24
	ОН 6.2. Жүктерді қабылдауды, тиеуді, түсіруді және беруді жүзеге асыру.	1/24
	ОН 6.3. Вагондардағы бекіту-пломбалау құрылғыларын тексере отырып, вагондарды коммерциялық тексеруді орындау.	2/48
	ОН 6.4. Әр түрлі жүктерді тасымалдау ережелерін сақтау.	1/24
	ОН 6.5. Вагондарда жүктің дұрыс орналасуы мен бекітілуін бақылау.	1/24
КМ 7. Еңбек қоғау талаптары мен техникалық қауіпсіздік ережелерін орындауы	ОН 7.1. Өрт және электр қауіпсіздігін, қызметкерлердің қауіпсіздік техникасын, еңбекті қорғауды және өндірістік санитарияны сақтау.	2/48
	ОН 7.2. Темір жол көлігінің техникалық құралдарына техникалық пайдалану ережелерінің талаптарын орындау.	2/48
	ОН 7.3. Сигнал беру, оның ішінде станциялық жолдарда жұмыс жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	талаптарын сақтау.	
	ОН 7.4. Станциядағы маневрлік жұмыстың орындалуын жоспарлау және ұйымдастыру.	2/48
	ОН 7.5. Темір жол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету.	2/48
	ОН 7.6. "Өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметті ішкі бақылауды ұйымдастыру" талаптарын сақтау.	1/24
КМ 8. Темір жол көлігінде пойыздар қозғалысын ұйымдастыру және техникалық пайдалану қағидаларын орындау	ОН 8.1. Вагон ағынын ұйымдастыру негіздерін сипаттау.	2/48
	ОН 8.2. Темір жолдардың өткізу қабілетін есептеу.	4/96
	ОН 8.3. Пойыздардың қозғалыс кестесін жасау.	4/96
	ОН 8.4. Пайдалану жұмысының техникалық нормаларын әзірлеу.	4/96
	ОН 8.5. Темір жол көлігіндегі тасымалдарды реттеу және жұмысты жедел жоспарлауды орындау.	3/72
	ОН 8.6. Темір жол көлігінде диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру.	3/72
	ОН 8.7. Жолаушылар қозғалысын ұйымдастыру негіздерін сипаттау.	3/72
КМ 9. Жүк және коммерциялық жұмысты және жолаушылар тасымалын ұйымдастыру	ОН 9.1. Ерекше жағдайларда жүктерді тасымалдау ережелерін сақтау.	1/24
	ОН 9.2. Көліктің бірнеше түрінің қатысуымен және халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдау ережелерін сақтау.	1/24
	ОН 9.3. Жүк жөнелтушілер мен жүк	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	алушылардың жауапкершілігін анықтау.	
	ОН 9.4. Сақталмаған жүк тасымалдарына тиісті құжаттарды ресімдеу.	1/24
	ОН 9.5. Теміржол көлігінің жүк жөнелтушілері мен жүк алушыларына Көліктік қызмет көрсету бойынша қызметтер кешенін орындау.	2/48
	ОН 9.6. "Шарттық және коммерциялық жұмыс" автоматтандырылған басқару жүйесінде жұмыс істеу.	2/48
	ОН 9.7. Теміржол көлігінде жолаушылар тасымалын ұйымдастыру және басқару негіздерін сипаттау.	2/48
	ОН 9.8. Қол жүгін, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін тасымалдауды қамтамасыз ету және тиісті құжаттарды ресімдеу.	2/48
КМ 10. Автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйелерін пайдалану	ОН 10.1. Темір жол көлігін басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің мақсатын, міндеттері мен құрылымын сипаттау.	2/48
	ОН 10.2. Тасымалдауды жоспарлауды басқарудың автоматтандырылған ішкі жүйелерінің функцияларын пайдалану, автомобиль ағындарын ұйымдастыру, пойыздардың қозғалыс кестесін жасау және тасымалдауды жедел басқару.	3/72
	ОН 10.3. Коммерциялық, жүк және контейнерлік тасымалдауды басқарудың автоматтандырылған ішкі жүйелерінің функцияларын қолдану.	3/72
	ОН 10.4. Жолаушылар тасымалы	3/72

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		мен жолаушыларға қызмет көрсетуді басқарудың автоматтандырылған ішкі жүйелерінің функцияларын пайдалану.	
		ОН 10.5. Теміржол көлігінің жұмысын ұйымдастырудың автоматтандырылған жүйелерінде кіретін ақпаратты жинау.	3/72
КМ 11. Жұмыс сметасының есебін және материалдық ресурстарға қажеттілікті орындау		ОН 11.1. Темір жол көлігіндегі жоспарлау негіздерін сипаттау.	2/48
		ОН 11.2. Темір жол көлігі жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін есептеу.	2/48
		ОН 11.3. Еңбекті және еңбек ақыны ұйымдастыру мен жоспарлауды орындау.	2/48
		ОН 11.4. Темір жол станциясы мен бөлімшесінің өндірістік-қаржылық қызметін жоспарлау.	2/48
Дипломдық жобалау	-		9/216
Аралық, қорытынды аттестаттау	-		13/312